

**Жалпы орта білім беру ұйымдарының химия мұғалімдерін оқытуға
арналған Орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған
«Химия пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру»
педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

«Химия пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру» курсының Білім беру бағдарламасы (бұдан рі – Бағдарлама) орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған және олардың химияны оқыту саласындағы біліктілігін арттыру, заманауи оқыту әдістемелерін меңгеру және цифрлық құралдарды тиімді пайдалануды үйрену мақсатында қарастырылған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында белгіленген негізгі басымдықтарға сәйкес келеді. Сонымен қатар, бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген 2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасының ережелерін ескере отырып әзірленген. Онда білім мазмұнын жаңарту, педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру және жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда құзыреттілікке негізделген тәсілді енгізу қажеттілігі атап көрсетілген.

Жалпы ережелер бөліміндегі глоссарий бағдарламаның тақырыбына сәйкес құрастырылған. Бағдарламаның өзектілігі, мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері бағдарламаның тақырыбына сай дұрыс құрылымдалған.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны бөлімінде 4 модульда қарастырылатын мәселелер толық ашылып көрсетілген. 1-модуль «Нормативтік-құқықтық және әлеуметтік-тәрбиелік», 2-модуль «Психологиялық-педагогикалық», 3-модуль «Мазмұндық», 4-модуль «Практикалық» бөлімдерін қарастырады. Бағдарламаның мақсаты - химия пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, заманауи білім беру стандарттарына сәйкес пәнді тиімді оқытуды қамтамасыз ету, оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру, цифрлық құралдар мен сараланған оқыту әдістерін қолдануды қарастырады.

Сараптамалық қорытынды:

Жалпы орта білім беру ұйымдарының химия мұғалімдерін оқытуға арналған «Химия пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасына келісу ұсынылады. (негіздеме: 23.04.2025 ж. № 9 хаттама).

Образовательную программу «Совершенствование профессиональной компетентности учителей химии» для обучения учителей химии организаций среднего общего образования, рекомендуется согласовать (основание: протокол № 9 от 23.04.2025 г.).

Сараптамалық кеңес мүшесі

